

Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 53 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 маусымдағы № 634 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.06 № 634 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 48-2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**: Z100291 қараңыз

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2008

жылғы

23

қаңтардағы

N

53

қаулысымен

бекітілген

Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау ережесі

Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау тәртібін белгілейді. Z100291 қараңыз

1. Жалпы ережелер

1. Ереже тау-кен жұмыстарын дамытудың келісілген және бекітілген жоспарларына (жылдық жұмыс бағдарламасына) сәйкес таратылатын жер қойнауын пайдалану объектісінің технологиялық бірліктерін (блоктар, панельдер, қазбалар, түрлі мақсаттағы мұнай және газ ұңғымалары) қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, барлауға және өндіруге, оның ішінде жер асты суларын, шипалы балшықтарды барлауға және өндіруге, сарқынды суларды төгу үшін жер қойнауын барлауға, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жер асты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға байланысты жұмыстар жүргізіліп жатқан немесе жүргізілген жер қойнауын пайдалану объектілеріне қолданылады.

2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жер қойнауын пайдалану объектісін немесе оның бөлігін тарату - жер қойнауын пайдалану қызметінің салдарын тарату жобасында көзделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты қызметтің салдарын тарату жөніндегі іс-шаралар;

2) құзыретті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және келісім-шарттарды жасасуға және орындауға байланысты құқықтарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы атынан іс-әрекет ететін мемлекеттік орган;

3) жер қойнауын пайдалану объектісін немесе оның бөлігін консервациялау - техникалық-экономикалық, тау-кен-геологиялық және басқа да себептер бойынша, негізгі өндірістік объектілер мен құрылыстарды міндетті түрде сақтап және олардың жай-күйіне бақылауды жүзеге асырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуді уақытша тоқтатып қойған кездегі жер қойнауын пайдалану объектісін консервациялау жобасында көзделген іс-шаралар

3. Жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуды немесе консервациялауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға мынадай талаптар қойылады:

1) жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату немесе консервациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізген кезде адамдардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

2) консервацияланған объектілердің сақталуын қамтамасыз ету;

3) ғимараттар мен құрылыстарды жер қойнауын пайдалану салдарының зиянды әсерінен (қозғалып кетуінен, құлауынан, көшкіндерден, су басудан, топырақтың отыруынан) қорғау;

4) жер қойнауын пайдалану объектілерін таратудың және консервациялаудың қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасын оған міндетті түрде мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындыларын қоса бере отырып әзірлеуді қамтитын экологиялық және

санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

5) өндірістік объектіні пайдаланудан шығарғанда Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын оған міндетті түрде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган сараптамасының оң қорытындысын қоса бере отырып әзірлеуді қамтитын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

6) жер қойнауын пайдалану объектісін тарату (консервациялау) жобасы бойынша қоршаған ортаға келтірілген залалдың салдарын жою.

4. Жер қойнауын пайдалану объектілерін басқа шаруашылық мақсаттар үшін таратқан кезде жер қойнауын пайдаланушы облыстың жергілікті атқарушы органына хабарлайды.

5. Тарату және консервациялау жобасы мынадай құжаттар мен іс-шараларды қ а м т и д ы :

1) түсіндірме жазба .

Түсіндірме жазбада жер қойнауын пайдалану объектісін тиісінше дайындау және тікелей тарату немесе консервациялау жөніндегі мәселелер көрсетіледі;

2) осы жер қойнауын пайдалану объектісінің тау-кен немесе геологиялық бөлінуінің шегіндегі жер қойнауының іс жүзіндегі жай-күйін толық көрсететін геологиялық және маркшейдерлік графикалық құжаттама;

3) кен орнын қайта игерудің орындылығын, сондай-ақ қоймаланған пайдалы қазбалар мен өндіріс қалдықтарын пайдаланылуын және сақталуын бағалау;

4) жер қойнауын пайдалану объектісін және өндірістік объектілерді өзге шаруашылық мақсаттарда одан әрі пайдаланудың орындылығын бағалау;

5) пайдалы қазбалар кен орындарының жер беті топографиялық жоспарларының, геологиялық картасының, бөліністерінің және деңгей жиегі бойынша жоспарларының көшірмелері;

6) таратылатын немесе консервацияланатын жер қойнауын пайдалану объектілерін, сондай-ақ басқа да өндірістік объектілерді орналастыру схемалары;

7) халықтың және персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жер қойнауын және қоршаған ортаны, ғимараттар мен құрылыстарды қорғау жөніндегі, оның ішінде судың, газдың төгілуін, жер асты өрттерінің таралуын болдырмау ж ө н і н д е г і ш а р а л а р ;

8) жер асты суларының ластануын болдырмау жөніндегі;

9) персонал мен халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ж ө н і н д е г і ;

10) жер қойнауын пайдалану объектісін таратудың немесе консервациялаудың қоршаған ортаға әсерін бағалау;

11) консервациялау кезеңінде консервацияланған жер қойнауын пайдалану объектісін санкцияланбаған пайдалануды және оған қол жеткізуді болдырмайтын шаралар.

2. Жер қойнауын пайдалану объектісін таратуды немесе консервациялауды жүргізу тәртібі

6. Жер қойнауын пайдалану объектісін немесе оның бөлігін тарату немесе консервациялау үшін жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату немесе консервациялау жөніндегі жұмыстардың басталуының және аяқталуының болжамды мерзімдерін көрсетіп, күтіліп отырған таратудың немесе консервациялаудың қажеттілігі туралы жазбаша х а б а р л а м а н ы ж о л д а й д ы .

Хабарламаға мыналар қоса беріледі:

1) жер қойнауын пайдалану объектілерін таратудың немесе консервациялаудың қажеттілігін негіздейтін техникалық-экономикалық негіздеме және экономикалық есеп;

2) пайдалы қазбалардың қалған өңделмеген, оның ішінде алдын ала қорғану және басқа да целиктердегі қорлары туралы, ілеспе өндірілген, уақытша пайдаланбайтын пайдалы қазбалардың бар болуы туралы, сондай-ақ пайдалы құрамдас бөліктері, зиянды және улы заттары бар және жоқ өндіріс қалдықтары (қалдық сақтауыштарда, үйінділерде) туралы мәліметтер;

3) осы аумақта тау-кен жұмыстарын өткізудің нәтижесінде сапасы мен көлемді өзгерген жер учаскелері бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер;

4) таратылып немесе консервацияланып жатқан жер қойнауын пайдалану объектісіне және оған байланысты объектілерге іргелес аумақтағы жалпы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жөніндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы уәкілетті органның қ о р ы т ы н д ы с ы ;

5) жер қойнауын пайдалану объектісін таратудың немесе консервациялаудың белгіленген тәртіпте келісілген және бекітілген жобасы.

Көрсетілген құжаттама пайдалы қазбалар қорларының іс жүзіндегі жай-күйін, жер қойнауын пайдалану объектісінің, жер бөлумен шектелген жер үстінің жай-күйін толық көрсетуі тиіс.

7. Тарату және консервациялау жобасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы , жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі, өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы, жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдармен келісіледі және жобаны жобалау және іске

асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуді қаржыландыратын жер қойнауын пайдаланушы бекітеді.

8. Жер қойнауын пайдалану объектісін тарату және консервациялау қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге тиісті лицензиясы бар жобалау ұйымы әзірлеген жоба бойынша жүргізіледі.

9. Объектіні таратуға немесе консервациялауға байланысты жұмыстарды қаржыландыруы тарату қоры қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

10. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар тоқталған кезде, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану объектісін тарату немесе консервациялау жөніндегі жұмыстарды орындауға дереу кіріседі. Өндіруді тоқтату туралы шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы өндірістік объектілердің оларды тарату немесе консервациялау басталғанға дейін сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін өткізеді.

11. Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату немесе консервациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу бекітілген жобаға толық сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

12. Жер қойнауын пайдалану объектісін (немесе оның бөлігін) жою немесе консервациялау жөніндегі жұмыстарды қабылдау олардың аяқталуы бойынша құзыретті органмен қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерделеу және пайдалану, өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы, жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдардың және облыстың жергілікті атқарушы органдарының өкілдерінен құралатын комиссия жүзеге асырады.

13. Комиссия іс жүзінде қарап шығудың және тарату немесе консервациялау жобасында көзделген орындалған жұмыстардың толықтығы мен сапасын бағалаудың негізінде бұл Ережеге 1-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалану объектісін тарату немесе консервациялау жөніндегі жұмыстарды қабылдау актісін (бұдан әрі - акт) жасайды.

Қабылдау актісіне мыналар қоса берілуі тиіс:

- 1) таратылған немесе консервацияланған жер қойнауын пайдалану объектілерін және басқа өндірістік объектілерді орналастыру жоспарлары;
- 2) тарату немесе консервациялау жобасында көзделген іс жүзінде орындалған жұмыстардың тізбесі мен көлемі;
- 3) жер қойнауын пайдалану объектісін немесе оның бөлігін таратуға немесе консервациялауға іс жүзінде жұмсалған шығындар туралы анықтама.

Бекітілген қабылдау актісін алғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға сақтауға жұмыстар аяқталған сәтке толықтырылған геологиялық және маркшейдерлік құжаттаманы тапсырады, онда пайдалы қазбалар кен орнының бөліністері,

топографиялық және маркшейдерлік жоспарлары, тік проекциялары, деңгейжиектік жоспарлары және геологиялық карталары болуы тиіс.

Көрсетілген құжаттама пайдалы қазбалар кен орны қорларының қалдық жай-күйін және пайдаланылу дәрежесін, өндірістік объектілердің, осы жер үсті учаскесіндегі жер бедерінің жай-күйін толық көрсетуге тиіс.

14. Қабылдау актісін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді және қажетті қосымшалармен бірге өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдарға, облыстың жергілікті атқарушы органдарына және жер қойнауын пайдаланушыға жібереді.

15. Таратылатын және консервациялаудағы жер қойнауын пайдалану объектілерінің тізбесін осы Ережеге 2, 3-қосымшаларға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

Е р е ж е г е

1-қосымша

**Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату
(консервациялау) мақсатында орындалған жұмыстарды
қабылдау және бағалау**

АКТІСІ

200__ жылғы " __ " _____

N _____

_____ (жер қойнауын пайдалану объектісінің немесе оның бөлігінің атауы)

_____ (комиссияны құрған органның атауы)

200__ жылғы " __ " _____ N _____ бұйрығымен тағайындалған

_____ (комиссияның әрбір мүшесінің тегі, аты және атқарып отырған
л а у а з ы м ы)

_____ құрамындағы комиссия таратылған (консервацияланған) жер қойнауын пайдалану объектісін (объектінің бөлігін) қарап шықты және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының және Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау ережесінің, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану объектісін (объектінің бөлігін) тарату (консервациялау) жобасының талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектісін (объектінің бөлігін) тарату (консервациялау) мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың

толықтығы мен сапасын сипаттайтын барлық ұсынылған құжаттар мен материалдарды қарады.

Комиссияның шешімі: _____

Актіге орындалған жұмыстардың толықтығы мен сапасын көрсететін графикалық материалдар, құжаттар мен анықтамалар, олар бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілген құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Е р е ж е г е

2-қосымша

Таратылған жер қойнауын пайдалану объектілерінің тізбесі

№/с	Таратылған жер қойнауын пайдалану объектісінің атауы, оның аумақтық орналасуы. Жер қойнауын пайдаланушы	Индексі	Жер қойнауын пайдалану объектісінің таратылған күні, бұйрықтың N	Жер қойнауын пайдалану объектісін (оның бөлігін) таратудың негізгі себептері
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Тарату жоспарын әзірлеген өндірістік объектінің атауы	Жер қойнауын пайдалану объектісін (оның бөлігін) тарату туралы актіні бекіткен мемлекеттік органның атауы	Тарату жөніндегі материалдар сақталатын өндірістік объектінің атауы	Тау-кен бөлу актісінің тізімдік N және оның берілген күні	Ескертпе
6	7	8	9	10

Е р е ж е г е

3-қосымша

Консервацияланған жер қойнауын пайдалану объектілерінің тізбесі

Консервацияланған объектінің атауы,	Жер қойнауын пайдалану	Жер қойнауын пайдалану объектісін

№ р/с	оның аумақтық орналасуы. Жер қойнауын пайдаланушы	Индексі	объектісі консервацияланған күні, бұйрықтың N	(оның бөлігін) консервациялаудың негізгі себептері
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Консервациялау жоспарын әзірлеген өндірістік объектінің атауы	Жер қойнауын пайдалану объектісін (оның бөлігін) консервациялау туралы актіні бекіткен мемлекеттік органның атауы	Консервациялау жөніндегі материалдар сақталатын өндірістік объектінің атауы	Тау-кен бөлу актісінің тізілімдік N және оның берілген күні	Ескертпе
6	7	8	9	10